

28.08.2025 ж. педагогикалық
кеңестің № 1 хаттамасымен
келісілген

«Бекітілді»
№ 9 «Жұлдыз-ай» бөбекжай-балабақшасының
басшысы м.а.:



С.С. Баймағамбетова

**2025-2026 О.Ж. АРНАЛҒАН
ӘКЕЛЕР МЕКТЕБІНІҢ
ЖОСПАРЫ**

«ӘКЕЛЕР МЕКТЕБІ»

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «Әкелер мектебі» өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алады.
- 1.2. Осы ереже «Әкелер мектебінің» қызметін реттейді.
- 1.3. «Әкелер мектебі» баланы тәрбиелеу мен оқыту және дамыту мәселелерінде МДҰ мен отбасының күш - жігерін біріктіру мақсатында ұйымдастырылады.
- 1.4. Міндеттері:
 - әкенің беделін арттыру және оның отбасында балаларды тәрбиелеудегі ықпалы;
 - балаларды жан-жақты дамыту процесінде ата-аналар мен педагогтердің өзара ықпалдастығы;
 - балалар мен ата-аналар арасында оң қарым-қатынас қалыптастыру;
 - балаларды тәрбиелеуде әкелерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
 - ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық мәдениетін арттыру;
 - ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне тең құқылы және тең жауапты серіктестер ретінде тарту;
 - отбасы мүшелерін өзара ымыраға келуге және оларды басқа әлеуметтік салаларда қолдана білуге үйрету; -балалар мен ата-аналардың оң қарым-қатынасын насихаттау.
- 1.5. «Әкелер мектебінің» мүшелері ата-аналар/әкелер (заңды өкілдер) болып табылады.
- 1.6 «Әкелер мектебі» қызметінің негізгі қағидалары: еріктілік, құзыреттілік, жеке көзқарас, ашықтық, кері байланыстың тұрақтылығы, педагогикалық этиканы сақтау.
- 1.7. «Әкелер мектебінің» ережесін, жұмыс жоспарын МДҰ басшысы бұйрықпен бекітеді, жұмыс бағыты МДҰ басшысының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

2. «Әкелер мектебі» жұмысының негізгі бағыттары:

- 2.1. Отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін насихаттау.
- 2.1. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.
- 2.2. Қоғамдық-отбасылық өзара қарым-қатынастың жаңа нысандарын дамыту.
- 2.3. «Әкелер мектебіне» жалпы басшылық ету мектепке дейінгі ұйым басшысына жүктеледі.
- 2.4. «Әкелер мектебін» ұйымдастыру нысандары: консультациялар, сұхбаттасу, пікірталастар, семинар-практикумдар, шеберлік сыныптары, шығармашылық шеберханалар, дөңгелек үстелдер, отбасылық тәрбие бойынша тәжірибе алмасу, педагогикалық жағдаяттарды шешу.
- 2.5. «Әкелер мектебінің» қорытынды отырысында жүргізілген жұмыстың нәтижесі мен тиімділігі талқыланады.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі
1	«Садақ ату»	Садақ ату – қашықтықтан дәл көздейтін сол заманындағы суық қарудың түрі. Қарапайым садақты тобылғы, үйеңкі сияқты ағаштан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Осы екі аралықты қосып тұрған мықты таспаны қазақ «адырна» деп атаған. «Жай садақ», «Күрделі садақ», «Құрама садақ» туралы, олардың жасалу жолдарын түсіндіру. Ауыз әдебиетінде бұл қарудың «қайың садақ», «қарағай садақ», «үйеңкі садақ» деген атаулары кездеседі. Оның «бала садақ» деген де түрі бар. Мұндай садақ ер баланы жаугершілікке, аңшылыққа баулу үшін жасалды.	Қыркүйек
2	«Асық ойнау»	Балаларды асықтың шығу тарихымен таныстыру, асық туралы жалпы мәлімет беру. Асық ойындарының тигізер пайдасы және жүйке жүйесін шыңдауға әсері туралы және асықтың дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлылыққа тәрбиелейтіндігін ұғындыру. Балаларды асықтың атауларын меңгерту, асық ирудің әдіс – тәсілдерін үйрету.	Қазан
3	«Ұлттық ойындар»	«Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Қанталапай», «Ақ серек-Көк серек», «Омпы», «Алшы», «Бестас» т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету	Қараша
4	«Бабалар аманаты»	Балаларды өлкетану шежіресімен таныстыра отырып, туған жерге деген отаншылдық сүйіспеншілігін қалыптастыру; Өлкеміздегі мұражаймен байланыс жасау, көнекөз қариялармен сұхбат жүргізе отырып, көне жәдігерлерді	Желтоқсан

		келешек ұрпаққа жеткізу.	
5	«Ағаш өнері»	Ағашты өңдеу өнерімен таныстыра отырып, ағаш түрлері, оған қажетті құрал-саймандар, ағаштан жасалатын заттар туралы түсіндіру. Баланы еңбекке баулу.	Қаңтар
6	«Қамшы өру»	Балаға қамшы туралы түсінік бере отырып, «Қыз қуу», «Бәйге», «Көкпар» ойындарында қолданылатындығы туралы айту. Қамшының түрлерімен таныстыр, қамшының жаслау жолдарын көрсету, баланың ұсақ қол моторикасын дамыту.	Ақпан
7	«Спорт-өмір көркі»	Әкелер мен ер балалар арасында спорттық сайыс ұйымдастыру. Спорттық сайысқа әкелерді қатыстыру. «Біз әкем екеуміз» тақырыбында шағын бейнеролик дайындау.	Наурыз
8	«Әкемнің жұмысы»	«Менің әкемнің жұмысы» тақырыбында бейнероликтер дайындау. «Әкемнің жұмысы» тақырыбында тәрбие-танымдық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу.	Сәуір
9	«Әке-асқар тау»	«Әке-асқар тау» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастыру.	Мамыр

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес
қыркүйек айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес қыркүйек айының 25-нда ортаңғы «Күншуақ» тобында «Садақ ату» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – садақ ату – қашықтықтан дәл көздейтін сол заманындағы суық қарудың түрі. Қарапайым садақты тобылғы, үйеңкі сияқты ағаштан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Осы екі аралықты қосып тұрған мықты таспаны қазақ «адырна» деп атаған. «Жай садақ», «Күрделі садақ», «Құрама садақ» туралы, олардың жасалу жолдарын түсіндіру. Ауыз әдебиетінде бұл қарудың «қайың садақ», «қарағай садақ», «үйеңкі садақ» деген атаулары кездеседі. Оның «бала садақ» деген де түрі бар. Мұндай садақ ер баланы жаугершілікке, аңшылыққа баулу үшін жасалды.

Аталған іс-шараға ортаңғы «Күншуақ» тобының әкелері арнайы шақырылды және ортаңғы топтардың тәрбиеленушілері де қатысты. Іс-шара барысында балаларға садақ ату – қашықтықтан дәл көздейтін сол заманындағы суық қарудың түрі, қарапайым садақты тобылғы, үйеңкі сияқты ағаштан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайтыны, «Жай садақ», «Күрделі садақ», «Құрама садақ» туралы, олардың жасалу жолдары түсіндірілді. Іс-шара барысында әкелер ер балаларға садақ атуды үйретіп, садақ ату туралы білгендерімен бөлісті. Балалардың көңілдерін көтеріп, бойларын сергіту үшін басқа да ұлттық ойындарды ойнады.

«Әкелер мектебі» шеберлік сағаты арнайы безендірілген, спорт залында өткізілді. Барша қатысқан адамдардың көңілдері көкке жетіп, бір марқайып қалды. Әкелерімізге дән риза болып алғысымызды білдіріп, алғыстарына ие болдық.

ӘДІСКЕР  И.А. ДЖАНАДИЛОВА

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы»
«Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес
қазан айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес қазан айының 30-нда ортаңғы «Шұғыла» тобында «Асық ойнау» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – Балаларды асықтың шығу тарихымен таныстыру, асық туралы жалпы мәлімет беру. Асық ойындарының тигізер пайдасы және жүйке жүйесін шыңдауға әсері туралы және асықтың дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлылыққа тәрбиелейтіндігін ұғындыру. Балаларға асықтың атауларын меңгерту, асық ирудің әдіс – тәсілдерін үйрету.

Аталған іс-шараға ортаңғы топтарының әкелері арнайы шақырылды және ортаңғы топтардың тәрбиеленушілері де қатысты. Іс-шара барысында әкелер ортаға шығып, сөз сөйлеп, балаларға асық туралы айтып берді. Жүргізуші Ж.Тлеумаганбетова балаларға асық туралы, асықпен қандай ұлттық ойындар ойналатыны, асықтың неден жасалатыны туралы кеңірек мәлімет берді. Әкелер мен балалар «Асық ату», «Қол күрес», «Шертпек» ұлттық ойындарын ойнады.

«Әкелер мектебінің іс-шарасы шеберлік сағаты арнайы безендірілген музыка залында өткізілді. Барша қатысқан адамдардың көңілдері көкке жетіп, бір маркайып қалды. Әкелерімізге дән риза болып алғысымызды білдіріп, алғыстарына ие болдық. Іс-шараның мазмұны мереке тақырыбына сәйкес келеді. Іс-шараның сценарийі, мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны, құрылымның мереке мазмұнына сәйкес келеді. Сценарий балалар үшін қолжетімді және қызықты құрылған. Музыка залы тақырыпқа сай безендірілген. Балалардың көңіл күйлері де көтеріңкі, тәрбиешілердің де жақсы дайындықтары байқалады.

ӘДІСКЕР



И.А. ДЖАНАДИЛОВА

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес
қараша айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» «Біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес қараша айының 28-нде ортаңғы «Бауырсақ» тобында «Ұлттық ойындар» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты - «Асық ату», «Тақия жасыру», т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету.

Аталған іс-шараға ортаңғы топтарының әкелері арнайы шақырылды және ортаңғы топтардың тәрбиеленушілері де қатысты. Іс-шара барысында әкелер ортаға шығып, сөз сөйлеп, балаларға ұлттық ойындар туралы айтып берді. Жүргізуші А.Кожабекова балаларға ұлттық ойындар туралы, асықпен қандай ұлттық ойындар ойналатыны, асықтың неден жасалатыны туралы кеңірек мәлімет берді. Әкелер екі топқа бөлініп, «Бестемше» ойынын ойнап көрді. Әкелер мен балалар «Асық ату», «Қол күрес», «Шертпек» ұлттық ойындарын ойнады. Тақырыпты жалғастыра отырып, әкелер мен ер балалар әртүрлі ұлттық ойындарды ұйымдастырып, ойнады. Іс-шара соңында барлық қатысқан әкелерге белсенділік танытқандары үшін алғыс айтылып, мақтау қағаздары таратылды.

«Әкелер мектебі» шеберлік сағаты арнайы безендірілген, музыка залында өткізілді. Барша қатысқан адамдардың көңілдері көкке жетіп, бір маркайып қалды. Әкелерімізге дән риза болып алғысымызды білдіріп, алғыстарына ие болдық. Іс-шараның мазмұны мереке тақырыбына сәйкес келеді. Іс-шараның сценарийі, мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны, құрылымның мереке мазмұнына сәйкес келеді. Сценарий балалар үшін қолжетімді және қызықты құрылған. Музыка залы тақырыпқа сай безендірілген. Балалардың көңіл күйлері де көтеріңкі, тәрбиешілердің де жақсы дайындықтары байқалады.

ӘДІСКЕР



И.А. ДЖАНАДИЛОВА

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес
желтоқсан айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес желтоқсан айының 17-нде «Жұлдызша» ортаңғы тобы «Бабалар аманаты» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – балаларды өлкетану шежіресімен таныстыра отырып, туған жерге деген отаншылдық сүйіспеншілігін қалыптастыру, лкеміздегі мұражаймен байланыс жасау, көнекөз қариялармен сұхбат жүргізе отырып, көне жәдігерлерді қелешек ұрпаққа жеткізу.

Аталған іс-шараға «Жұлдызша» тобының әкелері арнайы шақырылды және ортаңғы топтардың тәрбиеленушілері де қатысты. Іс-шара барысында әкелер ортаға шығып, сөз сөйлеп, балаларға камшы, жеті ата, қолға су құю сияқты салт-дәстүрлер туралы айтып берді. Жүргізуші Ж.Сейілхан балаларға бабалар аманаты ұрпаққа өсиет етіп қалдырған мұраларына тоқталды. Іс-шараға қатысқан әкелер сөз сөйлеп, отырған балаларға камшы туралы, жеті ата туралы кеңірек мәлімет берді. Әрбір әке өзінің жеті аталарын атап шықты. Іс-шара соңында барлық қатысқан әкелерге белсенділік танытқандары үшін алғыс айтылып, мақтау қағаздары таратылды.

«Әкелер мектебі» танымдық-тәрбиелік іс-шарасы арнайы безендірілген, музыка залында өткізілді. Барша қатысқан адамдардың көңілдері көкке жетіп, бір маркайып қалды. Әкелерімізге дән риза болып алғысымызды білдіріп, алғыстарына ие болдық. Іс-шараның мазмұны мереке тақырыбына сәйкес келеді. Іс-шараның сценарийі, мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны, құрылымның мереке мазмұнына сәйкес келеді. Сценарий балалар үшін қолжетімді және қызықты құрылған. Музыка залы тақырыпқа сай безендірілген. Балалардың көңіл күйлері де көтеріңкі, тәрбиешілердің де жақсы дайындықтары байқалады.

ӘДІСКЕР

 И.А. ДЖАНАДИЛОВА

*Әкелер мектебі.
Тақырыбы: "Азат өнері"*



МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес
қаңтар айында ұйымдастырылған
іс-шараға

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес қаңтар айының 30-нда ортаңғы «Шұғыла» тобында «Ағаш өнері» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – ағашты өңдеу өнерімен таныстыра отырып, ағаш түрлері, оған қажетті құрал-саймандар, ағаштан жасалатын заттар туралы түсіндіру. Баланы еңбекке баулу.

Аталған іс-шараға ортаңғы «Шұғыла» тобының әкелері арнайы шақырылды және ортаңғы топтардың тәрбиеленушілері де қатысты. Іс-шара барысында балаларға ағаш өнері жайында мағлұмат берілді, ағаштан жасалатын бұйымдар көрсетіліп, балаларға түсіндірілді. Сонымен бірге балаларға ағаштың табиғаттың бір бөлшегі екені, оны өсіру, аялай білу жайында айтылды. Балаларға ағаш туралы кеңірек ұғым берілу үшін көрме ұйымдастырылды. Көрмеге сандық, үстел, бесік, қасық және т.б. тұрмыстық мақсатта қолданылатын ағаш бұйымдары қойылды, балалар қызықтап қарады. Әкелерге сөз беріліп, әрқайсысы ағаштан жасалған бұйымдарға, ағаш өнеріне тоқталып, балаларға көрсетті. Әкелер балалармен бірге ағаштан құс ұясын, фоторамканы және орындық жасап көрсетті.

«Әкелер мектебі» танымдық-тәрбиелік іс-шарасы арнайы безендірілген, спорт залында өткізілді. Барша қатысқан адамдардың көңілдері көкке жетіп, бір марқайып қалды. Әкелерімізге дән риза болып алғысымызды білдіріп, алғыстарына ие болдық.

ӘДІСКЕР



И.А. ДЖАНАДИЛОВА

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес
ақпан айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес ақпан айының 26-нда ортаңғы «Күншуақ» тобы «Қамшы өру» тақырыбында танымдық-тәрбиелік іс-шарасы өтті. Мақсаты – балаларға, соның ішінде ер балаларға қамшы туралы түсінік бере отырып, қамшының түрлері туралы айту, қамшы өру өнерін үйрету арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу, әке мен бала арасындағы байланысты нығайту, ер азаматтардың қолөнерге қызығушылығын арттыру.

Аталған іс-шараға ортаңғы «Көбелек» тобының әкелері арнайы шақырылды және топтың тәрбиеленушілері де қатысты. Іс-шара барысында балаларға «Қамшының тарихы» бөлімінде қамшының қазақ мәдениетіндегі орны, тарихы мен түрлері туралы түсіндіріліп, қамшының қалай өрілетіні көрсетілді. Балалардың көңілдерін көтеріп, бойларын сергіту үшін басқа да ұлттық ойындарды ойнады. Балалардың қамшы туралы түсініктерін бекіту мақсатында «Қамшыны тап», «Кім жылдам?» ойындары ұйымдастырылды. Ер балалар «Қамшы» биін биледі. Белсенділік танытқан әкелер марапатталды.

«Әкелер мектебі» шеберлік сағаты арнайы безендірілген, спорт залында өткізілді. Барша қатысқан адамдардың көңілдері көкке жетіп, бір маркайып қалды. Әкелерімізге дән риза болып алғысымызды білдіріп, алғыстарына ие болдық.

ӘДІСКЕР



И.А. ДЖАНАДИЛОВА

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес
наурыз айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру, отбасында әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында 2025-2026 о.ж. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы», «Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес наурыз айының 27-нде ортаңғы «Жұлдызша» тобында «Спорт-өмір көркі» тақырыбында спорттық сайыс өтті. Мақсаты – балалардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру, әкелер мен балалардың бірге уақытын өткізуін қамтамасыз ету, достық қарым-қатынасты дамыту.

Аталған іс-шараға ортаңғы «Жұлдызша» тобының әкелері арнайы шақырылды және топтың тәрбиеленушілері де қатысты. Спорттық сайысты тәрбиеші А.Касымбекова жүргізді. Әкелер мен балалар «Допты жеткіз», «Кім жылдам?», «Қапшықпен секіру», «Кім шапшаң?», «Кім күшті?» шарттары бойынша сайысқа түсті. Тапсырмалар әкелер мен балалардың бірлесіп жұмыс істеуге бағытталған. Сайыстың соңында әкелер І, ІІ, ІІІ орындармен марапатталды.

«Әкелер мектебі» спорттық сайысы арнайы безендірілген, спорт залында өткізілді. Барша қатысқан адамдардың көңілдері көкке жетіп, бір маркайып қалды. Әкелерімізге дән риза болып алғысымызды білдіріп, алғыстарына ие болдық.

ӨДІСКЕР



И.А. ДЖАНАДИЛОВА

**МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында
2025-2026 оқу жылдарына арналған
«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы»,
«Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес
сәуір айында ұйымдастырылған
іс-шараға**

А Н Ы Қ Т А М А

Балабақшадағы «Әкелер мектебі» жоспарына сәйкес «Бауырсақ» тобының тәрбиеленушілері «Менің әкемнің жұмысы» тақырыбында бейнероликтер түсірді. Аталған іс-шараның мақсаты – балаларға әкелерінің еңбегі туралы түсінік беру, әртүрлі мамандықтарға деген құрмет сезімін қалыптастыру және отбасы құндылықтарын нығайту болды.

Бейнероликтерде әкелер өздерінің күнделікті атқаратын жұмыстарын таныстырып, мамандықтарының ерекшеліктері мен маңыздылығы туралы айтып берді. Балалар өз әкелерінің еңбегін мақтанышпен көрсетіп, олардың қоғамдағы рөлін түсіне бастады.

Іс-шара барысында ата-аналар мен балалар арасында тығыз байланыс орнап, тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылығы артты. Сонымен қатар, бұл жұмыс балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға оң әсерін тигізді.

Қорытындылай келе, «Менің әкемнің жұмысы» тақырыбындағы бейнероликтер балалардың отбасы мүшелеріне деген құрметін арттырып, әке еңбегінің қадірін түсінуге ықпал етті.

ӘДІСКЕР



И.А. ДЖАНАДИЛОВА